

# Еңбек пен кәсіп

## Маникюр жасаудың хас шебері – Самал Есмағамбетова

Әйел дегеніміз – сұлулық. Әлемнің бар сұлулығын, бар асылын оранатын – нәзік жандылар қауымы. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында аруларымызға сұлулық сыйлап жүрген, әдемілікке жаны құмар жан – Самал Есмағамбетованы келіп жеткен мерекемен құттықтап, ерекше еңбегі жайлы жазғанды жөн санадық.

Оның тырнақ әрлеумен айналысқанына екі жылдан астам уақыт болыпты. Осы уақыт ішінде сұлулыққа жаны құмар Самал еңбегін жүрек қалауымен атқарып, адал еңбектің иесі атанды. Аруларымыз маманның жұмысына жоғары баға беріп, дән риза екендерін де айтып жатады. Бүгінде тұрақты келушілерді қабылдап, сұлу аруларымыздың көңілінен шығуда.

Қазіргі таңда нәзік жандылардың қалауы әдемі маникюр жасату. Міне, Самал маникюр жасаудың хас



шеберіне айналған нағыз маман десек, артық айтпаған болармыз. Бүгінде өз білімін жетілдіріп, осы іске керекті құрал-саймандарды сатып алып, сәнді маникюр

жасауды өз кәсібiне айналдырады.

Бүгінгі күннің ағымына қарай тырнақтың пішіні мен бояудың түрі өзгеріп отыратыны анық. Самал да

заман ағысынан қалыспай, әркез заманауи үлгі мен арулардың сұранысына сай жұмыс жасағанды жөн санайды.

- Тұрақты келіп тұратын жандардың қалауына сай тырнақтарын әрлеп, бояуға тырысамын. Жүрек қалауыммен жасағандықтан шығар өзімнің атқарып жүрген ісім көңілімнен шығады. Маникюрдің түрі көп, пішіні әр түрлі болып келеді және аруларымыздың жасына да байланысты жасауға тырысамын. Келушілерге жоғары деңгейде жасап, көңілдерінен шығуды қалаймын, - дейді маман.

Барша әлемнің жаршысына айналған сұлулыққа одан әрі шырай келтіріп жүрген Самалдың еңбегі адал. Ол бүгінде заманауи әйелдердің қатарын толтырып, өз напақасын еңбектің арқасында тауып отыр. Еңбегіне жеңіс тілеп, нәзік жанды аруымызды келіп жеткен Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймыз.